

Умеют рассчитывать страховые премии, умеют анализировать страховые ситуации, определять вероятности наступления тех или иных событий.

Обладают навыками определения страховой премии по полису гражданско – правовой ответственности владельцев транспортных средств, а так же определения страховки по ипотеке.

Обратная связь прослеживается через активную деятельность, неподдельный интерес, желание работать и рефлексию. Использование мультимедийного оборудования на уроках способствовало вспомогательным элементом для создания тематического фона деятельности и более осмысленного восприятия информации обучающимися.

Список литературы:

1. Сербиновский Б.Ю., Гарькуша В.Н. Страховое дело: Учебное пособие для ВУЗов, серия «Учебники, учебные пособия» - Ростов-на-Дону «Феникс» 2000г. – 384с.
2. Фалин Г.И. Математические основы теории страхования жизни и пенсионных схем— Издание 2-е, переработанное и дополненное. — М.: Анкил, 2002 г. 262 стр.

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Даулетқан Жұлдуз Муратқызы

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.  
Қостанай қаласы.

Ғылыми жетекші: Косжанова А.Г. Аға оқытушы

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.  
Қостанай қаласы.

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді дамытудың кейбір аспектілері қарастырылған және инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу процесін ұйымдастыру жолдары туралы айтылады.

Түйін сөздер:

Инклюзивті білім беру, оқушы, мұғалім, ерекше қажеттілігі бар оқушы, құқық, метапән технологиялары, физика пәні

Аннотация

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты развития инклюзивного образования в Республике Казахстан и рассматриваются пути организации учебного процесса учащихся с особыми потребностями в условиях инклюзивного образования.

Ключевые слова:

Инклюзивное образование, ученик, учитель, ученик с особыми потребностями, право, метаболические технологии, физика

Annotation

This article discusses some aspects of the development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan and considers ways to organize the educational process of students with special needs in an inclusive education.

Key words:

Inclusive education, student, teacher, student with special needs, law, metabolic technologies, physics

Инклюзивті білім беру бүкіл әлем бойынша үлкен маңызға ие болып отыр. Сондықтан да Қазақстанда бұл өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені елде ерекше қажеттілігі бар балалар саны өсуде. Соған байланысты білім беру жүйесі барлық балаларға балабақшаларда, орта мектептерде, кәсіптік колледждер мен университеттерде оқу мүмкіндігін іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызып отыр.

Кеңейтілген мағынада инклюзивті білім беру дегеніміз – кедергілерді жоюмен ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдарды оқыту процесінде енгізуге бағытталған білім беру процесі және олардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі күнде елдегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және де олардың жеке- дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейлері үшін білімге қолжетімділігі жатады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады («Білім туралы» ҚР Заңының, 3-бабының, 1, 2-тармақтары)[1].

Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді.

Осы санаттағы балалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» заңдарда, сондай-ақ бірқатар нормативтік құқықтық актілерде көзделген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» заңға сәйкес барлық ерекше қажеттілігі бар балалар басқа балалармен тең білім алуға және шығармашылық дамуына құқылы.

ҚР БҒМ мәліметінше, ағымдағы жылдың 1 қаңтарына елімізде ерекше қажеттілігі бар 149246 бала тұрып жатыр, бұл Республиканың кәмелетке толмаған азаматтарының жалпы санының шамамен 3,15% - ы. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында жалпы білім беру процесіне ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды енгізудің қажетті ұйымдастырушылық негізін жасауға ықпал ететін ресурстар мен мерзімдер бойынша өзара байланысқан іс-шаралар кешені ұсынылған[2].

2020 жылда инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің үлесін олардың жалпы санынан 70% - ға дейін арттыру жоспарланған. ҚР БҒМ орта білім Департаментінің директоры Н. Аршабековтің айтуынша, халықаралық ұйымдар Қазақстан Республикасында басқа ортаазиялық Республикалармен салыстырғанда

инклюзивті білім беруді енгізу үдерісі өте белсенді жүріп жатқанын атап өтті. Ағымдағы кезеңде [www.inclusion.kz](http://www.inclusion.kz) сайт базасында Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытуда мүдделі тараптарды ақпараттық қолдау шеңберінде интернет-жоба іске асырылуда.

Ал инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу процесін ұйымдастыру жолдарына тоқталып кететін болсақ, әр жыл сайын инклюзивті балалардың саны артылуда, алайда олардың көпшілігі арнайы оқу мекемелерінің қабырғасында оқуға деген құштарлығы болмайы. Соған байланысты қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы білім беру мен ғылымның дамытудың 2016-2019 жылдарға арналатын Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген орта білімді берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ететін міндеттерінің бірі білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті ортада қолдауы, ал орта білім берудің мазмұнын жаңартылуы аясындағы міндеттерінің бірі білім беру ұйымдарын өлшемшартпен бағалау жүйелеріне көшуді жүзеге асыру деп көрсетіледі. Бұл да өз кезегінде, инклюзивті білім берудің дамуының теориялық және әдістемелік жағынан жетілдіруді қажет етіп отыр.

Бұл тақырыптың өзектілігі - ерекше қажеттілігі бар балалар басқа балалармен тең мүмкіндікте білім алуы. Сондықтан ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін жалпы мектепте инклюзивті білім беру жағдайында оқу үрдісін дұрыс әрі тиімді ұйымдастырылуы қажет. Алайда, білім беру стандарттарына сәйкес болатын көптеген пәндер бойынша дидактикалық материалдар тапшылық етеді.

Менің болашақ мамандығым физика пәні мұғалімі болғандықтан, физика пәні бойынша инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттілігі бар оқушылар үшін оқу үрдісін ұйымдастыру және оның жолдарына тоқталып кететін боламын.

Физика - бұл әр түрлі тапсырмаларды қолданатын пән. Мұнда тапсырма сөз, графиг, кесте, сурет, сызба, және басқа да формада берілуі мүмкін. Сонымен қатар ХБЖ –не келтіру қажет жағдайындағы формула арқылы берілуі мүмкін. Демек, физика сабақтарында егер қарапайым оқушы жаңа материалды меңгеруде қиындықтарға тап болса, онда ерекше қажеттілігі бар балалар үшін жеке тоқталып кетуіміз қажет.

Жалпы түрде ерекше қажеттілігі бар оқушыларға қиын берілетін физикадан кейбір тапсырмаларды қарастырамын.

Физика математикамен тығыз байланысты болғандықтан, оқушылар математикалық білімнің жеткілікті деңгейіне ие болуы керек. Бұған әр түрлі фигуралы жақшаларды салу, сызбаларды, графиктерді, кестелерді орындау, калькуляторды білу, әр түрлі бөлшектерді жазу, сондай-ақ өлшем бірліктерін ХБЖ жүйесіне аудару жатады.

Мұнда бірінші қиындық туындайды. Ерекше қажеттілігі бар оқушылардың математикалық білім деңгейі төмен екені анықталды. Олар суреттерді, сызбаларды, кестелерді нашар орындайды. Оларға кестені салу және оны толтыру қиын. Физиканы оқытуда басынан бастап міндеттерді шешу басталады. Әдетте тапсырмалар жалпы түрде шешіледі, яғни барлығы жалпы формулаға түседі. Мұнда осындай қиындықтар туындайды: бала көбінесе оны жалпы түрде шеше алмайды. Алайда, егер тапсырманы іс-әрекет бойынша жіктесе, яғни алгоритм бойынша орындауға мүмкіндік туғызатын болсақ, оң нәтижеге қол жеткізуге болады.

Физика бойынша материал балаларға таныс емес және түсіну үшін қиын терминдерден тұрады, осы терминдердің түсіндірмесін балаларға түсінікті және таныс сөздермен таңдау қиын. Мысалы, екі таңбалы немесе үш таңбалы сандарды білмейтін оқушылар үшін тапсырмалар мен беттердің көп таңбалы нөмірлері бар оқулықтарды пайдалануға болмайды. Бұл өлшеммен қолданылатын сөздердің жиілігі де байланысты. Егер оқу материалдарында бірнеше төмен жиілікті сөздер болса, онда олардың әрқайсысы заттың мағынасын түсіндіруді, демонстрациялауды талап етеді.

Деректерге сүйенсек ерекше қажеттілігі бар оқушылар үшін есептерді шешу кеңістіктік көріністер мен практикалық дағдыларды дамытуға аз ықпал етеді. Модельдерді қолдану арқылы есептерді шешу сапалырақ болып келеді деп ойлаймын. Сызбаларды, модельдерді қарастыра отырып, анықтама бере отырып, мұғалім оқушыларға осы ұғымдарға жауап беретін заттарды өз айналасынан табуды ұсынуы керек. Мұндай жұмыс білім алушыларды белсендіреді, ойлауға, мұқият және бақылау болуға итермелейді. Оқушылардың кеңістіктік түсініктерін кеңейтуге көмектеседі. Осындай тапсырмаларды шешу барысында жүргізілетін зерттеулер оқушыны деректерді өзгертіп, нысан бойынша барлық жаңа мүсіндерді алуға мәжбүрлейді. Осының барлығы көріністердің мазмұнын байытады, оларды нақтылайды. Сөйтіп оқушының есепті түсінуге байланысты дағдылары дамиды, қалыптасады.

Барлық оқушылар әртүрлі дайындық деңгейіне ие болғандықтан, мұғалім тапсырманы және материалды беру тәсілін қатаң жеке таңдайды. Бірақ мұндай балалармен жұмыс істеудің жалпы принциптері де бар. Бұлар:

- ✓ көрнекілік (плакаттар, презентациялар, суреттері бар жеке карточкалар, демонстрациялар, т.б.);

- ✓ формулалары, анықтамалары, латын әріптері бар түрлі-түсті карточкалар;
- ✓ жеке үй тапсырмалары (орындауға арналған үлгі болуы керек);

- ✓ қарапайым деңгейдегі тапсырмалардан қысқартылған бақылау және өзіндік жұмыстар;

- ✓ оларды орындау үшін қосымша уақыт беру;
- ✓ оларды үйде немесе дефектолог кабинетінде орындауға рұқсат беру;
- ✓ жіберілген сөздер мен сандармен сөйлемдерді пайдалану;
- ✓ оқушыларды тақтада жазылған тапсырмалардың баспа көшірмелерімен

қамтамасыз ету;

- ✓ тапсырманы аяқтау үшін қосымша уақыт беру;
- ✓ үй тапсырмасын тапсыру үшін қосымша уақыт беру
- ✓ көпше таңдау тестілерін, дұрыс/дұрыс емес жауапты пайдалану;
- ✓ материалды баяндаудағы нақтылық;
- ✓ табысқа және жұмсалған күш-жігерге сәйкес бағалаудың жеке шкаласын

қолдану;

- ✓ жақсы бағалауларға назар аудару;
- ✓ әрдайым кері байланыс жасап отыру;
- ✓ елеусіз мінез-құлық бұзушылықтарын елемей [3].

Метапән технологияларына сүйене отырып, осындай ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу формалары мен әдістерін ойластыру қажет:

- ✓ Параграфты оқып, негізгі сәттерді табуға, оқылған материал бойынша жауап жоспарын құрастыруға, параграфтың сұрақтарына жауап беруге үйрету.

- ✓ Балалардың өзін-өзі бағалауын арттыру үшін озық тапсырмалар беру. Әсіресе материал жеңіл болғанда: параграф оқып, жауап жоспарын құрастырып, сурет салуға болады және осының бәрін өз әңгімелерінде қолдануға болады. Әдетте балалар газетті параграф материалы бойынша сурет салады: мұнда сурет және негізгі сәттер. Тақтаға шыға отырып, дайындалған материалды жақсы айтады, бұл өзін-өзі бағалауды арттырады.

- ✓ «Үлгі бойынша жаса» жеке карточкаларын дайындау. Оқушы карточка алады, онда бір міндет толығымен түсіндірумен шешілген, және оқушыға осыған ұқсас түрдегі тапсырманы өз бетінше шешу керек, тек мұнда сандық мәндер өзгеше болады. Осындай шешімдегі табысы- айқын және бұл баланың өзін-өзі бағалауын арттырады.

✓ Назар аударуды түзету үшін оқушыларға физикалық шамаларды анықтаумен карточкаларды ұсыну керек, онда негізгі сөздердің бірі қалып қойған. Тапсырма: ұсынылған сөздердің бірін қою керек.

✓ Мұндай балалар міндетті түрде топтық жұмысқа тартылады. Топта олар анық жеңетін көп тапсырма алуы керек. Сонымен қатар, топтық жұмыс бала үшін сынып оқушыларымен жақсы қарым-қатынаста болуға көмектеседі. Неғұлым көп қарым-қатынаста болса, соғұрлым өзіне деген сенімі көбейеді, жауап беруге қысылмайды, әрдайым қолдау алып отырады.

Сабақты ұйымдастыру кезінде оқушының жеке жұмыс қарқыны, оның танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері, есте сақтау, моторикасы және т. б. ескерілуі қажет.

Ең қиын жұмысты алғашқы 10-25 минутқа жоспарлау қажет. Бұл оқушылардың ең жоғары жұмысқа қабілеттілігіне қол жеткізу уақыты. Осы уақыттан кейін жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі басталады, бұл олардың оқу қызметіне кері әсерін тигізеді.

Сонымен, мен, осы мақалада инклюзивті білім берудің Қазақстан Республикасындағы деңгейі мен дамуы жөнінде жазып кеттім. Шынымен ортаазиялық елдердің арасында Қазақстан Республикасындағы Инклюзивті білім беруге жақсы назар аударып, нәтижелі даму үстінде екендігіне қуануымызға болады. Себебі, инклюзивті білім беру жағдайындағы ерекше қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасау үлкен жауапкершілікті қажет ететінін байқаймыз. Және осы айтылған деректер ерекше қажеттілігі бар балалармен жасалатын жұмыстың тек кішкене бөлігі ғана. Бұл санаттағы мәселелерді шешу үлкен еңбек пен уақытты талап ететін жұмыстардың бірі екені сөзсіз. Осы тақырыпқа, мен, ағымдағы уақытта жазылып жатқан дипломдық жұмысымда толық тоқтап кететін боламын және болашақ маман ретінде, келешекте, ерекше қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасауда, өз жұмысымды әдістеме ретінде қолдануға болатынына сенемін.

### **Әдебиеттер тізімі:**

«Білім туралы» ҚР Заңының, 3-бабының, 1, 2-тармақтары.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарғысы.

Ахмедалиева, Д. У. ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмысты ұйымдастыру // Әлеуметтік педагог. - 2010.-№1

## **ФИЗИКА САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРУ**

Дюсенбина Тамаша Тыныбекқызы

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.  
Қостанай қаласы.

Ғылыми жетекші: Косжанова А.Г. Аға оқытушы

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.  
Қостанай қаласы.